



Коучинг тақырыбы:

**Мұғалімнің рефлексивтілігіне
қалай қол жеткізуге болады?**



Рефлексия

- **Рефлексия** – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі



Рефлексия дегеніміз не?



Рефлексия сөзі латын тілінде - reflexio - артқа қарайлау (кейінге оралу) деген мағынаны білдіреді.



Шет тілдер сөздігінде рефлексия - ой елегінен өткізу, өзін-өзі тану, өз-өзіне есеп беру деген сөз.



Педагогика саласында рефлексия - іс-әрекеттің өзіндік талдауы және оның нәтижесі.

Рефлексия не үшін керек?

- Рефлексия оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды;
- Рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз;
- Рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады;
- Рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады;
- Рефлексияның нәтижесінде сыни көзқарас қалыптасады;
- Оқушы өз-өзіне баға бере алады;
- Оқушының білім алуға деген қызығушылығы жоғарылайды.



Рефлексия түрлері



көңіл-күй және
эмоционалдық
жағдайдың
рефлексиясы

оқу материалы
мазмұнының
рефлексиясы



сабақтағы іс-
әрекет
рефлексиясы

Көңіл–күй мен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыстың әдіс–тәсілдері




Тамаша

Жақсы

Нашар

«БАҒДАРШАМ»



Оқушыларға үш түсті белгілер беріледі.

Қызыл түс – «Мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл–күйім жоқ.»

Сары түс - “Көңіл-күйім жақсы, сыныптастарымның көмегімен тапсырманы орындадым.”

Жасыл түс – «Мен бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл–күйім тамаша.»

«АЛМА АҒАШЫ»

Сабақ басында екі түсті “алма” беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек.

Жасыл түсті алма – «Сабақ өте қызықты, бәрі түсінікті болды, көңіл – күйім көтеріңкі.»

Қызыл түсті алма – «Бүгінгі сабақты меңгере алмадым, көңіл – күйім жоқ.»



«ҮШ СӨЗБЕН»

Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді тандап алыңдар:

қуаныш

ашу

төзімсіздік

шабыт

қанағаттану

ТЫНЫШТ
ЫҚ

немқұрайлылы
Қ

сенімділік

алаңдау

сенімсіздік

зерігу

рахаттану


Оқу материалының мазмұны рефлексиясының әдіс-тәсілдері

Білемін	Білдім	Білгім келеді
Маған таныс ақпарат	Мен үшін жаңа ақпарат	Мені қызықтырып алған ақпарат

+	-	ҚЫЗЫҚТЫ
Оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жазады.	“Қолымнан келмей жатыр” немесе “түсініксіз болып тұр” деген ойларын жазады.	Өздеріне не қызықты болды, соны жазады, немесе не жайында көбірек білгісі келеді, соны жазады.

СИНКВЕЙН

- Бірінші жол - тақырып атауы;
- Екінші жол - тақырыпты екі сөзбен сипаттау,- белгі немесе сын есіммен;
- Үшінші жол - осы тақырыптағы іс-әрекетті үш сөзбен сипаттау, - етістікпен;
- Төртінші жол - төрт сөзден тұратын фраза, тақырыпқа қатысты сөйлем;
- Бесінші жол - синоним, тақырыпты ашатын.





Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты:

1

педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу

2

қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру

3

орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу.

Рефлексия

Адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кателерді мойындауы не жоққа шығаруы.

РЕФЛЕКСИЯ – өз іс – әрекетін және оның нәтижесін талдау

Рефлексия деген өз жұмысына
талдау жасау.

Не істедім?

Қандай мақсатпен?

Неге солай жасадым?

Қандай нәтиже алдым?

Қалай істесем дұрыс болады?





«Егер де есті
кісілердің қатарында
болғың келсе, күнінде
бір мәртебе, болмаса
жұмасында бір, ең
болмаса айында бір,
өзіңнен өзің есеп ал!»

Абай